

## **"Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 тамыздағы № 720 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*  
Жоба

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы**

Осы Заң Қазақстан Республикасында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жүйесінің қызметін жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ коммерцияландыру процестері мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың кепілдендірілген мемлекеттік қолдау тетіктерін реттейді.

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

##### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері – өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалардың топологиялары және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және өзге де заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда, зияткерлік шығармашылық қызметтің басқа да нәтижелері;

2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған және кез келген ақпараттық жеткізгіште тіркелген тың білім немесе шешімдер, өндіріске ғылыми әзірлемелер мен технологияларды, сондай-ақ модельдерді, макеттерді, жаңа өнім үлгілерін, материалдар мен заттарды енгізу;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру – табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды,

процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық тұрғыда қолданумен  
б а й л а н ы с т ы қ ы з м е т ;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясат – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға мемлекеттің қатысын білдіретін, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы әртүрлі ұйымдардың негізгі басымдықтарын, мақсаттарын, бағыттарын, қағидаттарын, қызмет нысандары мен әдістерін айқындайтын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі;

5) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталығы (кеңсесі) – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға, ғылыми ұйымның, жоғары оқу орнының, дербес немесе өзге де білім беру ұйымының құрылымдық немесе о қ ш а у л а н ғ а н б ө л і м ш е с і ;

6) ғылым саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ғылым, ғылыми-техникалық қызмет, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында салааралық үйлестіру мен басшылық етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) салалық уәкілетті органдар – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және тиісті салада ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н д а р ;

8) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған грант – экономиканың басым бағыттары шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде берілетін бюджет қ а р а ж а т ы ;

9) старт-ап компания – қызметі тек қана ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға бағытталған, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын, оның ішінде жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың қ а т ы с у ы м е н қ ұ р ы л ғ а н ұ й ы м ;

10) сервистік компания – консалтингтік, инжинирингтік, сертификаттау, патенттік және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру үшін қажетті басқа да көрсетілетін қызметтерді ұсынатын заңды т ұ л ғ а ;

11) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізу (

пайдалану) – жаңа өнімді игерудің немесе жаңа технологияны енгізудің ғылыми-өндірістік циклінің қорытынды кезеңін іске асыруға бағытталған қызмет.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (Ерекше бөлім), «Ғылым туралы», «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Индустриалды-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы», Қазақстан Республикасының Патент Заңына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

## **3-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттары**

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясат:

- 1) процестің барлық қатысушыларының өзара іс-қимыл кезіндегі транспаренттілігі;
- 2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін алуға, табыс табуға тартылған тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне кепілдік беру;
- 3) экономиканың басым секторларында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды экономикалық ынталандыру;
- 4) білімнің, ғылымның, өндірістің және инновациялық даму институттарының интеграциясы қағидаттарына негізделеді.

## **4-бап. Уәкілетті органның құзыреті** Уәкілетті органның құзыретіне мыналар:

- 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;
- 2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жоспарлау, мониторингілеу, ынталандыру;
- 3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру тәртібін бекіту;
- 4) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі шаралардың тиімділігі туралы ақпарат енгізу;
- 5) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін

коммерцияландыру жобаларына сараптама ұйымдастыру және жүргізу тәртібін бекіту;

6) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу, бекіту және іске асыру;

7) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі бағдарламалардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

8) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы шоғырландырылған талдамалық ақпаратқа қол жеткізуді және оның мерзімді баспа басылымдарында жариялануын немесе уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз ету;

9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында көзделген өзге де өкілеттіктер жатады.

#### **5-бап. Салалық уәкілетті органдардың құзыреті**

Салалық уәкілетті органдардың құзыретіне мыналар:

1) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және оны іске асыруға қатысу;

2) бюджеттен қаржыландырылатын тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесудің орындалған бағдарламалары бойынша есептерді бекіту;

3) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі шараларды іске асыру туралы ақпаратты ғылым саласындағы уәкілетті органға беру;

4) тиісті саладағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды әдіснамалық қамтамасыз ету;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

#### **6-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне мыналар:

1) тиісті аумақта ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін

коммерцияландыруға гранттар беру, коммерцияландыру жобаларын қоса қаржыландыруға қатысу, жеке кәсіпкерлік және квазимемлекеттік сектор субъектілері жоғары оқу орындарымен және ғылыми ұйымдармен бірлесіп іске асыратын жоғары технологиялық өнімдерді шығаруды және (немесе) жаңа технологияларды енгізуді жүзеге асыратын өндірістерді құру бойынша кешенді жобалар үшін субсидиялар беру;

3) қызметі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық тұрғыда қолдануға бағытталған заңды тұлғаларды, оның ішінде старт-ап компанияларды құруға және (немесе) олардың жарғылық капиталына қатысу;

4) уәкілетті органмен бірлесіп ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламаларды әдіснамалық қамтамасыз етуге, әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

5) салалық уәкілетті органмен бірлесіп ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы әдіснамалық қамтамасыз етуге қ а т ы с у ;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктер жатады.

### **7-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру процестерінің қ а т ы с у ш ы л а р ы**

М ы н а л а р :

- 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері;
- 2) жеке кәсіпкерлік, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындары және ғылыми ұйымдар;
- 4) старт-ап компаниялар;
- 5) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтары (кеңселері);
- 6) сервистік компаниялар;
- 7) технологиялық парктер;
- 8) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды инвестициялауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру процестерінің қатысушылары болып табылады.

### **8-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру тетіктері**

Жеке және заңды тұлғалардың өздерінің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне құқықтарын іске асыру ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру тетіктері арқылы

жүзеге асырылады, олар мыналар:

- 1) лицензиялық шартты және (немесе) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды басқаға беру шартын жасасу;
- 2) старт-ап компанияларды құру;
- 3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін өз өндірісіне енгізу (пайдалану);
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдер болып табылады.

## **2-тарау. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды мемлекеттік ынталандыру және қолдау шаралары**

### **9-бап. Мемлекеттік ынталандыру шаралары**

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру процестеріне қатысушыларға ұсынылатын мемлекеттік ынталандыру шараларына мыналар:

- 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасағаны және пайдаланғаны үшін авторларға кепілдік берілген сыйақы төлемдері;
- 2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған гранттар;
- 3) жоғары оқу орындарымен және ғылыми ұйымдармен берлісіп, жеке кәсіпкерлік және квазимемлекеттік сектор субъектілері іске асыратын жоғары технологиялық өнім шығаруды және (немесе) жаңа технологияларды енгізуді жүзеге асыратын өндірістерді құру бойынша қоса қаржыландыру;
- 4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру процестеріне қатысушылардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламалары;
- 5) уәкілетті орган және салалық уәкілетті органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын өзге де ынталандыру шаралары жатады.

### **10-бап. Мемлекеттік қолдау нысандары**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларын іске асыру мемлекеттік қолдау нысаны болып табылады.
2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларын уәкілетті орган, салалық уәкілетті органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары, сол сияқты жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың консорциумдары да әзірлеуі және іске асыруы мүмкін.

3. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламаларына жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың, старт-ап компаниялардың қызметкерлері, бағдарлама әзірлеушілері белгіленген ережелерге сәйкес басқа да заңды тұлғалардың қызметкерлері қатыса алады.

4. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламалары ғылыми-өндірістік байланыстарды дамытуға, өңірлік әлеуметтік-экономикалық дамуға, инновациялық старт-ап компанияларды құру мен дамытуға, жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар қызметкерлерінің, старт-аптардың, инновациялық менеджмент әрі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы басқа да заңды және жеке тұлғалардың біліктілігін арттыруға бағытталуға тиіс.

5. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға жәрдемдесу бағдарламалары ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру процесінде туындайтын, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтарын (кеңселерін) қоспағанда, индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтерінде материалдық-техникалық базаны ұсынумен және пайдаланумен байланысты қатынастарға қолданылмайды.

#### **11-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға гранттар беру**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған гранттар уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру процесінің қатысушыларына беріледі.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыру мемлекеттік бюджет қаражаты, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілері тарапынан тартылатын қоса қаржыландыру есебінен жүзеге асырылады.

3. Осы Заңмен қаржыландырылуы гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қаражатынан жүзеге асырылған ғылыми зерттеулер шеңберінде алынған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бөлігінде реттелген құқықтық қатынастарға сатып алуды, оның ішінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамасының күші қолданылмайды.

#### **12-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру процесі қатысушыларының құқықтары**

1. Мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылатын ғылыми және (немесе)

ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері алған зияткерлік меншік құқығы, егер ғылыми ұйымдар мен зияткерлік меншік объектісінің авторы (авторлары) арасында жасалған шартта өзгеше көзделмесе, ғылыми ұйымдарға тиесілі.

2. Қаржыландырылу мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасағаны және пайдаланғаны үшін авторлардың сыйақы алу құқығына кепілдік беріледі.

3. Жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар зияткерлік қызмет нәтижелеріне берілген мүліктік құқықтарға, сондай-ақ құрылған, оның ішінде жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен бірлесіп құрылған старт-ап компаниялар қызметінен түскен табыстарға дербес иелік етеді.

4. Жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру процесінің басқа қатысушысымен жасалған шарттың негізінде өзіне зияткерлік меншік құқығын тіркеуге құқылы.

### **13-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері авторларының құқықтары**

1. Айрықша құқықтары жұмыс берушіге тиесілі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері авторларына сыйақыны олар жұмыс беруші тиісті патентті немесе мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті (қорғау құжатын) алған күнінен бастап бір ай мерзімде төлейді.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасағаны үшін сыйақы, егер олардың арасындағы шартта өзгеше белгіленбесе, бір орташа айлық жалақыдан кем емес мөлшерде төленеді.

Айрықша құқықтары жұмыс берушіге тиесілі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері жеке өндірісінде пайдаланылған жағдайда ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің авторына кемінде 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы қорғау құжатының барлық қолданыс мерзімі ішінде жыл сайын төленеді.

2. Лицензиялық шартты немесе айрықша құқықты басқаға беру шартын жасасқан жағдайда, авторларға төленетін сыйақы сыйақының ең жоғары мөлшері шектелмей, лицензиялық шарт сомасының (роялтиді қоса алғанда) кемінде 30 пайызын құрайды. Сыйақы автор мен жұмыс беруші арасындағы шарт негізінде төленеді. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пайдаланғаны үшін сыйақы авторға осындай нәтиже пайдаланылған әрбір қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей және лицензиялық шарт қолданысының бүкіл мерзімі ішінде лицензиялық шарт бойынша төлемдер түскеннен кейін үш айдан кешіктірілмей төленеді.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген сыйақыларды уақытында



төлемегені үшін жұмыс беруші авторға олардың арасында жасалған шартқа сәйкес мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін өсімпұл төлейді.

4. Егер айрықша құқықтар жұмыс берушіге тиесілі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі бірнеше авторлардың бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалған болса, онда олардың әрқайсысына кемінде бір айлық орташа жалақы көлемінде сыйақы төленеді.

Егер жұмыс беруші мен авторлар арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, осы баптың 2, 3-тармақтарында көзделген сыйақыларды жұмыс беруші авторларға тең мөлшерде төлейді.

5. Жұмыс беруші мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерінің авторы болып табылатын қызметкер арасындағы еңбек қатынастары тоқтаған жағдайда да осы баптың 2-4-тармақтарында көзделген сыйақы төлеу сақталады.

#### **14-бап. Жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың құқықтары**

1. Жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарға дербес иелік етуге;

2) лицензиялық шарттар бойынша ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пайдалану құқығын беруге;

3) айрықша құқықтарды басқаға беру шартының негізінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне айрықша құқықты иеліктен шығаруға;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықты кепілге беруге;

5) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтарды жарғылық капиталға салым ретінде енгізуге;

6) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне өзге де тәсілдермен иелік етуге құқылы.

2. Мемлекеттік жоғары оқу орындары, мемлекеттік ғылыми ұйымдар ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан өз мүлкінің меншік иесінің келісімінсіз старт-ап компаниялардың (оның ішінде басқа тұлғалармен бірлесіп) құрылтайшылары болуға құқығы бар.

Мемлекеттік жоғары оқу орындары, мемлекеттік ғылыми ұйымдар мемлекеттік органдардың келісімінсіз ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталына салым ретінде зияткерлік меншік құқықтарын ғана енгізе алады.

Мемлекеттік ғылыми ұйымдардың, мемлекеттік жоғары оқу орындарының зияткерлік меншікке мүліктік құқықтарына иелік ету олардың мүліктерінің меншік иесі

– уәкілетті мемлекеттік органның келісімінсіз жүзеге асырылады.

3. Жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар басқа заңды және жеке тұлғаларды құрылатын старт-ап компаниялардың құрылтайшылары (қатысушылары) ретінде т а р т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Осы тұлғалардың старт-ап компаниялардың жарғылық капиталына салымы олардың қатысу үлесінің кемінде 50 пайыз ақшалай қаражатымен не зияткерлік меншікке айрықша құқықтармен, материалдармен, жабдықтармен немесе ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру үшін қажетті басқа да мүлікпен төленуі мүмкін.

4. Жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан өз мүлкінің меншік иесі – уәкілетті мемлекеттік органның келісімінсіз ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың нәтижесінде алынған табысқа дербес иелік етуге құқылы.

5. Старт-ап компанияның жарғылық капиталына салым ретінде енгізілетін зияткерлік меншік құқықтарын бағалау Қазақстан Республикасындағы бағалау стандарттарына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік жоғары оқу орындары, мемлекеттік ғылыми ұйымдар өз мүлкінің меншік иесінің келісімінсіз старт-ап компаниялардың жарғылық капиталындағы өздерінің қатысу үлестеріне дербес иелік етуге құқылы.

7. Құрылтайшылары (қатысушылары) мемлекеттік жоғары оқу орындары, мемлекеттік ғылыми ұйымдар болып табылатын старт-ап компаниялардың жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестеріне иелік етуден түскен табыстар, сондай-ақ осы мемлекеттік жоғары оқу орындары, мемлекеттік ғылыми ұйымдар алған старт-ап компаниялар табысының бір бөлігі олардың дербес иелік етуіне түседі.

Алынған табыстар зияткерлік меншіктің құқықтық қорғалуына, авторлар мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін жасауға және коммерцияландыруға жәрдемдескен тұлғаларға сыйлықақы төлеуге, сондай-ақ старт-ап компаниялардың жарғылық қызметін жүзеге асыруға жұмсалады.

8. Егер жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың ішкі регламенттеуші құжаттарында өзгеше көзделмесе, авторлардың үлесі жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар өздерінің зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерін енгізуден алған старт-ап компания табысы үлесінің 30%-ынан кем болмауға тиіс.

9. Старт-ап компаниялар таратылған кезде мемлекеттік жоғары оқу орындары, мемлекеттік ғылыми ұйымдар жарғылық капиталға салым ретінде енгізген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар осы мемлекеттік орындар мен ұйымдарға беріледі. Егер жарғылық капиталға салым ретінде зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдалану құқығы енгізілген болса, онда тиісті лицензиялық шарт старт-ап компаниялар таратылған күннен бастап өз қолданысын тоқтатады.

**15-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтары (кеңселері)**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтарының (кеңселерінің) қызметтері, оның ішінде коммерцияландыру үшін технологиялар іздеуді және бағалауды, маркетингтік зерттеулерді, зияткерлік меншікті қорғау саласында консультациялық қызметтер ұсынуды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру стратегиясын әзірлеуді, заңмен тыйым салынбаған технологияларды коммерцияландыру саласында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің шарт жасасуы мақсатында олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыруды қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша қызметтер кешенін көрсетуге бағытталады.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтарының (кеңселерінің) жұмыс істеуі жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың қаражаты есебінен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға бөлінген гранттық қаржыландыру көлемінің кемінде 2% мөлшерінде қамтамасыз етіледі.

3. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру орталықтары (кеңселері) қызметтерінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар оларға жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар жасаған лицензиялық шарттардың және зияткерлік меншік құқықтарын басқаға беру шарттары сомасының кемінде 10% қаражатын жібереді.

**16-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен бірлесіп ғылыми-зерттеу және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау шеңберінде жасаған ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар, егер араларындағы шартта өзгеше ескертілмесе, оларға ортақ тиесілі.

2. Егер шартта ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне айрықша құқықтар ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісіне тиесілі екені көзделген жағдайда, жеке кәсіпкерлік, квазимемлекеттік сектор субъектісінің бұл нәтижелерді өз өндірісінде пайдалануға өтеусіз айрықша емес лицензияға құқығы сақталады.

**17-бап. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мониторингі**

1. Уәкілетті орган, салалық уәкілетті органдар, облыстардың, республикалық

маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бағдарламаларын іске асыруға кеткен шығындардың тиімділігін бағалау ;

2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бағдарламаларын іске асырудың нысаналы көрсеткіштері мен индикаторларына қол жеткізуді бағалау ;

3) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бағдарламаларын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық әсерлерін бағалау ;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру міндеттерін айқындау мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бағдарламасының іске асырылуына мониторинг жүргізеді.

2. Мемлекеттік және салалық бағдарламаларға мониторинг жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында реттеледі.

### **3-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер**

#### **18-бап. Қазақстан Республикасының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік**

Қазақстан Республикасының ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

#### **19-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*